

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Білім беру және гуманитарлық зерттеулер факультеті
Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша АК мәжілісінің
№ 1 хаттамасы

Түркістан қаласы

28.10.2025 ж.

Қатысқандар: PhD., аға оқытушы А. Тасова, аға оқытушы А.Арыстанбаева, PhD., доцент А. Куралбаева, п.ғ.к., аға оқытушы П.Искакова, аға оқытушы С.Паштанов, аға оқытушы Г.Ашықбаева, М.Әбенова атындағы ЖОМ директоры Б. Ондыбаев, "Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжінің директоры А. Кенжалиев, докторант Г.Шынпейіс, магистрант Бану Ақтолқын Барзуқызы, білімгер Д.Молдаханова, кафедра ОПК.

Қатыспағандар -**Күн тіртібі:**

1. Академиялық комитет құрамын жасақтау, АК жұмысын жасақтау, ережелермен танысу. 2025-2026 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу, бекітуге ұсыну
2. Жұмыс берушілермен дөңгелек үстел ұйымдастыру
4. Қыркүйек, қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша АК мүшесі, кафедра меңгерушісі А. Тасова күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз сөйлеп, «Педагогика және психология» білім беру бағыты аясында Академиялық комитеттің жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылғанын атап өтті.

Академиялық комитет құрамындағы барлық мүшелердің жұмысқа қатысты нормативтік құжаттармен, соның ішінде УЕ-ХҚТУ-113-2022 Академиялық комитет Ережесі, УЕ-ХҚТУ-030-2021 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту Ережесі сияқты негізгі регламенттермен толық танысқанын жеткізді.

Сонымен қатар, 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары ұсынылып, оның негізгі бағыты мен күтілетін міндеттері баяндалды. А. Тасова алдағы оқу жылында жоспарланған іс-шаралардың сапалы орындалуы үшін әрбір комитет мүшесінің белсенділігі мен жауапкершілігі маңызды екенін ерекше атап өтті. Академиялық комитет мүшелері. 2025-2026 оқу жылының Академиялық комитет құрамы төмендегідей кестеге сәйкес ұсыныс берілді.

6B011, 7M011, 8D011- Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша:

№	Аты жөні	Қызметі, атағы, дәрежесі	Телефон	Ескерту
1.	Арыстанбаева Алия Турганбаевна	Педагогика және психология кафедрасы, аға оқытушы	87476549289	АК төрағасы
2	Искакова Парида Куандыковна	Педагогика және психология кафедрасы, п.ғ.к., аға оқытушы	87027947877	АК мүшесі, академиялық персонал
4	Тасова Асел Баймурзаевна	Педагогика және психология кафедрасы, PhD., аға оқытушы	87056972828	
5	Паштанов Сұлтан Усенович	Педагогика және психология кафедрасы, аға оқытушы	87479139446	
6	Ашиқбаева Гульмира Дүйсеновна	Педагогика және психология кафедрасы, аға оқытушы	87078146456	
7	Куралбаева Алия Ахметкаримовна	Педагогика және психология кафедрасы, PhD., доцент	87772257365	
8	Ондыбаев Бағдат Болатұлы	М.Әбенова атындағы жалпы орта мектеп директоры	87058868864	АК мүшесі, жұмыс

9	Кенжалиев Алтынбек Тұрлыбиұлы	"Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжінің директоры	87017702427	беруші өкілі
10	Молдаханова Дана Абдукаримовна	6B01101-педагогика және психология ББ студенті	87071916044	АК мүшесі, білімгерлер өкілі
11	Бану Ақтолқын Барзукызы	7M01101-педагогика және психология ББ магистранті	87716333919	
12	Шынпейіс Гүлжаухар Пернебайқызы	8D011101-педагогика және психология білім беру бағдарламасының ББ докторанты	87029180577	

АК мүшесі, п.ғ.к., аға оқытушы А. Арыстанбаева сөз сөйлеп, Академиялық комитеттің жаңартылған құрамы 19.09.2025 жылғы №204 бұйрық негізінде ресми түрде бекітілгенін хабарлады. Ол бұл бұйрықтың комитет қызметінің құқықтық және ұйымдастырушылық негізін айқындауда маңызды рөл атқаратынын атап өтті.

Сонымен бірге, жаңа оқу жылы қарсаңында Академиялық комитеттің барлық мүшелеріне 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары таныстырылғанын жеткізді. Аталған жоспар білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру, оқу-әдістемелік құжаттарды жетілдіру, жұмыс берушілермен өзара байланыс орнату, студенттердің білім сапасына талдау жүргізу сияқты бірнеше басым бағыттарды қамтитынын атап өтті.

А. Арыстанбаева комитет мүшелерінің жоспар мазмұнымен толық танысып, өз ұсыныстарын білдіргенін, алдағы уақытта осы жоспар негізінде жүйелі жұмыс жүргізілетінін атап көрсетті. Оның айтуынша, жоспарланған іс-шаралардың уақытылы және сапалы орындалуы білім беру бағдарламаларының дамуына және кафедра жұмысының тиімділігінің артуына оң әсер етеді.

Күн тәртібіндегі келесі екінші мәселе бойынша АК мүшесі С.Паштанов: 6B011, 7M011, 8D011-Педагогика және психология білім беру бағдарламаларын талқылау үшін жұмыс берушілермен өзара ынтымақтастықты нығайту мақсатында кафедра тарапынан дөңгелек үстел ұйымдастырылғаны атап өтілді.

Іс-шараға М. Әбенова атындағы ЖОМ директоры Б. Ондыбаев, сондай-ақ "Түркістан Ахмет Ясауи" кәсіби колледжінің директоры А. Кенжалиев қатысып, кафедра оқытушылық-профессорлық құрамымен кездесу өткізді.

М. Әбенова атындағы ЖОМ директоры Б. Ондыбаев сөз алып, қазіргі білім беру мазмұнының мектеп талаптарына сәйкестігін арттыру қажеттігін атап өтті. Ол педагог-психолог мамандарға қойылатын заманауи талаптар туралы айтып, практикалық дағдыларды күшейту, инклюзивті білім беру бойынша құзыреттерді дамыту маңызды екенін жеткізді. Сонымен бірге, мектеппен бірлескен тәжірибелік сабақтар мен шеберлік сағаттарын ұйымдастыруға дайын екенін айтты.

«Түркістан Ахмет Ясауи» кәсіби колледжінің директоры А. Кенжалиев, өз сөзінде колледж тарапынан кадрлар даярлау сапасын жоғары бағалайтынын, алайда өндірістік тәжірибені жетілдіру бағытында қосымша жұмыстар қажет екенін атап өтті. Ол студенттердің кәсіби ортаға ерте бейімделуі үшін колледж базасында тәжірибеден өтетін орындар санын көбейтуге ұсыныс білдіріп, бірлескен жобалар мен мамандар кездесулерін тұрақты түрде өткізу қажет екенін айтты.

Кездесу барысында жұмыс берушілердің ұсыныстары талқыланып, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге қатысты бірқатар мәселелер қарастырылды. Қатысушылар тарапынан нақты ұсыныстар беріліп, алдағы уақытта жүзеге асыруға бағытталған жұмыстар айқындалды.

Жалпы, дөңгелек үстел кәсіби серіктестікті кеңейтудің тиімді алаңы болғаны және бірқатар нәтижелі жұмыстар атқарылғаны атап өтілді.

АК мүшесі П. Исакова үшінші мәселе бойынша сөз алып, қыркүйек және қазан айларына жоспарланған іс-шаралардың толық көлемде орындалғанын атап өтті. Оның айтуынша, жаңа оқу жылының басында Академиялық комитеттің жұмыс бағытын

айқындауға бағытталған негізгі ұйымдастыру кезеңдері сәтті жүзеге асқан. Атап айтқанда, АК-ның жылдық жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді, комитеттің жаңартылған құрамы ресми түрде анықталып, төрағасы сайланып, құжаттар легі реттелді.

П. Искакова атқарылған жұмыстардың маңызын айта отырып, алдағы кезеңде комитет қызметін одан әрі жүйелеу, жоспарға енгізілген іс-шараларды сапалы орындау, білім беру бағдарламаларының жетілдірілуіне мониторинг жүргізу секілді міндеттердің өзектілігіне тоқталды.

Сонымен қатар, АК мүшелері арасында тығыз кәсіби байланыс орнатудың, өзара қолдау көрсетудің және ортақ мақсатқа бағытталған бірлескен жұмыстың маңызын ерекше атап өтті. Оның пікірінше, жоспарланған шаралар нақты жауапкершілікпен орындалған жағдайда, алда тұрған ауқымды міндеттердің барлығы тиімді жүзеге асады және комитет жұмысының нәтижелілігі арта түседі.

П. Искакова сөзін қорытындылай келе, АК құрамындағы әрбір маманның белсенділігі мен кәсіби ұстанымы комитеттің ортақ жетістігіне ықпал ететінін айтып, бірлесе еңбек етудің маңызды екенін жеткізді.

Шешім:

«Педагогика және психология» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің жұмысын ұйымдастыру, Ережелермен танысу, жұмыс берушілермен тұрақты байланыс орнатып, кәсіби серіктестікті дамыту бойынша жүйелі жұмыс жүргізу, 2025-2026 оқу жылы бойынша АК жоспары бойынша қыркүйек, қазан айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

Академиялық комитет төрағасы:
Хатшысы:




А.Арыстанбаева
С.Паштанов